




МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaigaz_jsc

№03 (161), СӘУІР, 2023



«Зор сүйінші айтайын, Мұсылман болып туғанға. Ислам дінін қуғанға...» деп Майлықожа ақын жырлағандай, Исламды дінім, Мұхамедті пайғамбарым деп таныған мүміндер үшін қасиетті айдың орта тұсына аяқ бастық.

Ғұламалар «Ережеп – желге, Шағбан – бұлтқа, Рамазан айы жаңбырға ұқсайды» деген. Айлардың сұлтаны болған қасиетті Рамазан – Алла Тағаланың мейірімі түсетін берекелі ай. Рамазан айында адамның ниет-пейілі дұрысталып, жүрегі жұмсарады.

Рамазан – рақым айы. Алла Елшісі: «Кімде-кім рамазан айында шынайы сеніммен, сауабын бір Алладан үміт етіп, ораза ұстаса, бұрын-соңды жасаған күнәлары түгелдей кешіріледі», – деген.

Рамазан – жақсылық айы. Оразада әрбір жақсы амалдың сауабы еселеніп жазылады. Хадис-шарифте айтылғандай, «адам баласының барлық игі істерінің сауабы артады. Әрбір жақсылыққа он еседен жеті жүз есеге дейін сауап жазылады».

Құрметті әріптестер!

Он екі айдың сұлтаны – рамазан құтты, берекелі болсын! Қасиетті айда жасайтын құлшылық, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын! Алға қойған арман-мақсаттарыңыз орындалып, оразадан оразаға аман-есен жете берейік! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, халқымыздың бірлігі нығайып, берекесі арта бергей!



Құрметті әріптестер, құрметті геологтар!

Жыл сайын сәуір айының бірінші жексенбісінде ең тамаша мерекелердің бірі - Геолог күні атап өтіледі.

Барлық кәсіп өздігінше ерекше және маңызды. Әр кәсіптің өзінің жұмыс ерекшелігі, өзінің қайталанбас тарихы, өз құндылығы және өз батырлары бар.

Елдің қазба байлығын халық игілігіне жаратып, кен көздерінің көптеп ашылуына Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен ұзақ жылғы тәжірибелеріңіз дәлел бола алады.

Табиғи байлықтарды игеру процесін қол жетімді еткен бұл мамандыққа құрмет көрсету парызымыз. «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының геологтары компанияның дамуы мен өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Біздің геолог мамандарымыз өндіріске жаңа әдістер мен жаңа технологияларды белсенді енгізуде

және олардың барлығы мұнай өндіруді ұлғайтуға, көмірсутек қорларының өсуіне, сондай-ақ экологиялық ластану тәуекелдерін азайтуға бағытталған. «Маңғыстаумұнайгаз» геологтары әрдайым жоғары кәсіпқойлықпен, табысқа деген сеніммен және жолдастық өзара көмек көрсетулерімен ерекшеленеді!

Құрметті, геологтар!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз! «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ перспективалық әлеуетін көтеруге, жаңа белестерді бағындыруға деген табандылықтарыңызға алғыс айтамыз.

Сіздерге мықты денсаулық, жанұяларыңызға бақ-береке, жаңа ашылулар мен мол табыстар тілейміз.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ



Мұнайшылар Ұлыстың ұлы күнін тойлады

Жер-Ана құлпырып, табиғат жанданатын көктем мезгілімен қатар келетін ырыс пен ынтымақтың мерекесі, жыл басы әз-Наурызды «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мұнайшылары көтеріңкі көңіл күйде қарсы алды. Қаламқастың орталық алаңында қаз-қатар киіз үйлер тігіліп, қазан-ошақ көтеріп, дархан пейілмен дастархан жайды. Табиғаттың тосын мінезі де алыстан ақ тілегін ала келген меймандарға, қаламқастық мұнайшыларға да бәлендей әсер етпеді. Алаңға ағылған ағайын төс қағыстырып көрісіп, амандық-саулық сұрасып, бір-бірін Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап жатты.



Кенорын еңбеккерлерін Наурыз мерекесімен Маңғыстау ауданының әкімі Галымжан Ниязов құттықтады. "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Бас директоры Мұрат Мұстафаев, бас директордың бірінші орынбасары Сью Шиго, кәсіподақ төрағасы Мәди Кентанов, Қаламқаста мұнай-газ игеруге атсалысып жүрген сервистік компаниялардың басшылары да мұнайшыларды құттықтап, оларға ерен еңбектері үшін алғысын білдірді.

Мереке мұнайшыларды марапаттау рәсімімен жалғасты. Еңбек озаттары Компания басқармасының және кәсіподақтың Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды. Кезек мерекелік концертке келді. Мұнайшылар Астаналық жез көмей әншілер Қанат Үмбетов пен Әлия Әбікеннің өнерін тамашалап, шеберлікпен орындалған әсем әндерге қошеметтерін білдіріп жатты. Кенорында ұлттық спорттық ойындарынан сайыстар ұйымдастырылып, аса қызықты өткізілді. Қазақша күрес, ләңгі тебу, қой көтеру, арқан тартудан жеңімпаздар анықталып, бағалы сыйлықтарды иеленді.

Дәл осындай думанды той Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы-Жетібай кенорында атап өтілді. Қаз-



қатар киіз үйлер тігіліп, қазандарға ет асылды. Дәстүрден жаңылмаған елдің жасы мен жасамысы наурыз көкеден дәм татса, бірі алтыбақан аясында тербелді, енді бірі киіз үйде жыр-терме айтып, үлкендер жағы бата берді.

Наурыз тойына жиналған мұнайшыларды «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқарма мүшелері Мұрат Мұстафаев пен Сью Шиго, кәсіподақ комитетінің басшысы Мәди Кентанов және сервистік мекемелердің басшылары құттықтап ақ тілектерін білдірді.

- Құрметті әріптестер! Қадірлі мұнайшылар! Сіздерді Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамымен шын жүректен





дарына құрмет көрсетілді. Мерейлі мереке одан әрі алыстан ат терлетіп келген қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Қанат Үмбетов пен Әлия Әбікеннің ән-шашуымен жалғасты.

Той қонақтары әр жерде құрылған сайыс алаңдарына жиналып, ұлттық ойындарды тамашалады. Қазақша күрес, арқан тарту, ләңгі тебу, қой көтеруден жеңімпаздар анықталып бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мерекелік шаралар түстен кейін «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас кеңсінде жалғасын тапты.

Басқарма мүшелері мен кәсіподақ басшылары департамент қызметкерлерін Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, еңбектеріне табыс тіледі. Озат еңбегімен танылған қызметкерлер марапатталды.

Марапаттау рәсімінен кейін, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ МГӨЦ-3 операторы Кенжебек Жайлаубаевтың сәбиі Ақназардың тұсауын кесу рәсімі өткізілді. Бас директор бата-тілегін айтып, кішкентай Ақназардың тұсауын кесті.

Іс-шара соңы Астаналық өнерпаздардың концертімен жалғасты. Әні мен сәні, ажары мен базары тарқамаған мерекеден әріптестер бір-бірін қимай қоштасты.

құттықтаймын! Күллі шығыс жұртына ортақ мерекеде Сіздердің тәжірибелеріңіз бен кәсіби шеберліктеріңізге, өз істеріңізге деген адалдық, күнделікті міндеттерді орындап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі экономикалық жағдайда сала жұмысын жетілдірудің жаңа тетіктерін табуға машықтанған еңбектеріңіз үшін алғыс білдіремін! Әз-Наурыз қажырлы еңбектеріңізге толағай табыстар әкелсін! Ел тыныш, туған жер аман болып, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақыт және береке сыйласын, – деген тілегін жеткізді.

Ел ырыздығын еселеуде жемісті қызмет еткен бірқатар еңбек адам-



Біздің геологтар

Жазушы Мұхтар Әуезовтің «қай істің болсын алға басуы, іске асуы үшін ең алдымен ниет, содан соң күш және тәртіп керек» - дегенін ұстаным етіп, ел ырысын еселеуде талмай еңбек етіп жүрген «Жетібаймұнайгаз», «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының геологтары бүгінде өз саласында талай белесті бағындырып үлгерді.



Аға буынның ізін жалғап, геология саласына ғұмырын арнаған білікті геологтар Гүлбану Саптаяқова, Жомарт Тәжиев ширек ғасырға жуық осы саланың ыстық-суығына төзіп, ұжымда адал еңбегімен абыройға бөленген мамандар.

Геология саласы ел экономикасының негізіне айналып отыр. Әсіресе, мұнай-газ өндірісін өркендетуде геологтардың қызметі айрықша маңызға ие. Елімізде жүйелі геологиялық зерттеулердің арқасында көптеген өнеркәсіп орындарының жұмысы алға жылжып, бұл мемлекетіміздің экономикалық дамуына үлкен серпін беріп келеді.

«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында ер азаматтармен қатар геологияның дамуына өзіндік үлес қосып келе жатқан қыз-келіншектер қатарында «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының геологы Гүлбану Саптаяқова да бар.

Жайық бойының аруы 1995 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында техник-геолог болып еңбек жолын бастайды. Кейін араға біршама уақыт салып, Жетібай өндірісінде өз жолын қалыптастырады.

– Геологияға деген құлшынысымды арттырған Бимырза Балабатырұлы деген жетекшіміз болды. Ол кісі бүгінде өмірден өтсе де, оның жақсылығы, бізге берген бағыт-бағдары әлі күнге жемісін беріп келеді. Аға буынның салып берген сара жолын жалғастырып келеміз, - дейді тәжірибелі маман.

Үлкен шаңырақта өсіп-өнген Гүлбану апайдың өмірлік ұстанымы – адал жүріп, абырой жию. Бүгінде 130-ға жуық маман еңбек ететін мұнай және

газ өндіру цехында табандап жүріп тәжірибе жиған маманның өз ұжымы алдындағы абырой асқақ, беделі зор. Ылғи жастар жағы қаумалап осы кісінің жанынан табылады.

«Маңғыстаумұнайгаз» компаниясының геологиялық жұмыстарын жандандырып жүрген келесі кейіпкеріміз де өндіріс саласына кездейсоқ келмеген. «Әке көрген оқ жонар» дегендей, Жомарт Тәжиев өндіріске өмірін арнаған әке жолын үлгі етіп, мұнай-газ геологиясына бет бұрған.

Жомарт Тәжиев Шайыр ауылының тумасы. Осы ауылда орта мектепті тәмамдап, Ақтау қаласындағы Ш.Есенов атындағы университеттің мұнай-газ геологиясы мамандығында білім алды. Алғашқы еңбек жолын 2003 жылы «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасынан бастаған ол бұл күнде

мұнай-газ геологиясының едәуір дамығанын айтады. Ал жұмыстың нәтижелі болмағы әр маманның жауапкершілігіне, ұжымның ауызбірлігіне байланысты деп ұғады.

– Өз басым қай істе болса да әкемді үлгі-өнеге тұтамын. Әкем осында №3 МГӨК цехында оператор болып еңбек етті. Қазір бейнетінің зейнетіп көріп, жайлы тірлік кешуде. Геология саласында ең алдымен білім, қайрат, сенімділік, шешім шығара білу секілді қарым-қабілет керек деп ойлаймын. Ұстанымым – алдыға биік меже, үлкен мақсат қоя, соған бар күш-жігеріңді салу. Біздің ұжымды осындай ортақ мақсат-мұрат біріктіреді. Ұжымдағы 70 адам жұмыла жұдырық болып, жоспарланған жұмысты соңына жеткізіп, нәтижесін бірге көреді, өндірісті өрлетуге бір кісідей ұмтылады. Әлбетте, жұмыста үлкен өзгерістер болды, қазіргі дамыған заманда технологияның мүмкіндіктері біздің геологиялық жұмыстарымызды жеңілдетіп, одан әрі жетілдіре түсіп жатыр. Дей тұрғанмен білікті мамандар әрбір істің басы-қасында жүруі қажет, - дейді білікті маман.

«Әріптестерімді төл мерекемен құттықтай отырып, әр геологтың шағын ұжым үшін ғана емес, сондай-ақ Компанияның, облыстың, қала берді ел ауқымында қосып жатқан үлесі орасан зор екенін айтқым келеді. Дендеріне саулық, кәсіби табыстар, бірлік-береке және отбасылық бақыт тілеймін!», - дейді қос геолог.

Ел экономикасының күретамырына баланған мұнай-газ өндірісінің кідіріссіз өсіп-өркендеуі жолында күнітүн еңбек етіп, жылдың қай мезгілінде да кен іздеу, барлау жұмыстарын жүйелі жүргізіп жүрген геологтарға біздің де айтар алғысымыз шексіз. Атаулы мерекелерімен құттықтай келе, еңбек иелерінің жұмыстарына толайым табыс тілейміз.

Геологияға деген құштарлықсыз ісің алға баспайды, қызығушылық, іздену мен зерттеуге деген ұмтылыс осы мамандық иелерінің ең басты ұстанымы болып қала бермек.

Жаннат НҰРҒАЛИ



На Каламкасе заработала новая установка подготовки нефти

В акционерном обществе «Мангистаумунайгаз» продолжается активная работа по внедрению новых технологий, модернизации производства и усовершенствованию действующего оборудования. Ярким примером успешного внедрения современных технологий стал пуск в эксплуатацию новой установки подготовки нефти (УПН-3) на месторождении Каламкас.



Первый комплекс УПН на месторождении Каламкас был введен в эксплуатацию еще в 1987 году и из нормативных 20 лет, фактически отработал 35 лет, чтобы поддерживать установку в рабочем состоянии специалистам неоднократно приходилось ее ремонтировать. Фактически установка физически и морально полностью изношена: применяемые технические средства значительно устарели, а комплектующие для ремонта оборудования попросту отсутствуют. В 2002 году был запущен второй комплекс УПН, мощностью 2,1 миллиона тонн в год, срок эксплуатации которого также подошел к концу. При таком положении, в случае аварийной ситуации на одном из блоков, существовала большая угроза резкого снижения добычи нефти и даже риск остановки месторождения.

В связи с этим руководством АО «Мангистаумунайгаз» было принято решение о строительстве на базе ЦКППН ПУ «Каламкасмунгаз» новой установки подготовки нефти мощностью 3 миллиона тонн в год.

Строительство комплекса установки подготовки нефти – это большой и трудоемкий процесс, рассказывает заместитель директора департамента капитального строительства АО «Мангистаумунайгаз» Кажымухан Жоланбаев. – Поскольку оборудование УПН было сложным и крупногабаритным реализация

проекта была разбита на этапы и велась в течение нескольких лет. На сегодняшний день строительные и монтажные работы полностью завершены и объект введен в промышленную эксплуатацию. Пользуясь случаем, хочется поблагодарить всех своих коллег, а также работников из других структурных подразделений и подрядных организаций за успешную работу, совместными усилиями нам удалось реализовать сложный технический проект.

С вводом в эксплуатацию установки УПН-3 намного облегчилась работа обслуживающего персонала, – в свою очередь говорит мастер по подготовке и стабилизации нефти ЦКППН ПУ «Каламкасмунгаз» Абен Аманкулов. – Новый комплекс полностью автоматизирован, работать стало намного лучше и удобнее. И самое главное, если при старом оборудовании случались непредвиденные остановки, то теперь подобный риск исключен, и мы надеемся, что новая установка прослужит долго и надежно.

Технологическая модернизация, развитие новых технологий, усиление уровня безопасности труда, все это было и будет одним из приоритетных направлений деятельности АО «Мангистаумунайгаз», позволяющим сократить простои, уменьшить затраты на ремонтные работы, и в конечном итоге, повысить эффективность производства.



На страже безопасности коллектива



13 марта, в рамках месячника, посвященного Всемирному дню гражданской обороны Генеральный директор АО «Мангистаумунайгаз» Мурат Мустафаев и старший офицер управления гражданской обороны департамента ЧС по Мангистауской области Бектас Муратов наградили группу работников центрального аппарата почетными грамотами и нагрудными знаками, пожелав при этом мирного и безоблачного неба.

Всемирный день гражданской обороны ежегодно отмечается 1 марта и играет важную роль в жизни общества, поскольку заставляет каждого из нас на миг остановиться и задуматься о самом важном: о человеке и его безопасности.

Стоит отметить, что чуть ранее аналогичными грамотами и нагрудными знаками были поощрены работники производственных управлений «Каламкасмунгаз» и «Жетыбаймунайгаз», которые в течение года активно принимали участие в обучающих занятиях и объектовых тренировках.

Кроме того, по итогам командно-штабных и тактико-специальных учений были определены лучшие спасательные команды: в Каламкасе лучшей командой были признан коллектив ЦПОНО, на Жетыбае – ЦППН. Победителям были вручены почетные грамоты и переходящие кубки.



Венчало месячник, посвященный Всемирному дню гражданской обороны, торжественное собрание, которое состоялось 30 марта в областной филармонии имени М.Оскинбаева. В ходе собрания заместитель начальника ДЧС по Мангистауской области Александр Алексеев, вручил школьникам и работникам организаций почетные грамоты и благодарственные письма, в том числе награждена и группа работников АО «Мангистаумунайгаз».

Посади дерево – подари планете жизнь!

На месторождении Каламкас работники подрядной компании ТОО «Казахстанское техническое содействие» совместно со специалистами Ботанического сада города Актау приступили к озеленению территории бывшего полигона ТБО.

Полигон для приема твердых бытовых отходов на месторождении Каламкас был открыт в 1997 году и функционировал почти 20 лет. В 2016 году полигон был закрыт и прием отходов прекратился, спустя год начались работы по утилизации отходов, которых за два десятилетия накопилось немало.

В настоящее время территория полигона площадью 3,5 Га полностью очищена, проведена техническая рекультивация, подготовлена почва для посадки деревьев, ведется работа по монтажу системы капельного орошения, для полива планируется использовать очищенную воду с канализационных очистных сооружений месторождения Каламкас.

Специалисты подрядной компании и Ботанического сада не только помогают с посадкой деревьев, но и в дальнейшем в течение трех лет будут следить за ростом зеленых насаждений (посажены 1100 саженцев саксаула и 300 - тамариска).

Планируется, что до конца текущего полугодия все работы по рекультивации полигона будут полностью завершены и объект передадут на баланс государственных органов.

За последние шесть лет АО «Мангистаумунайгаз» проведена планомерная работа по очистке, переработке и утилизации отходов, накопленных на 9 полигонах, – говорит руководитель службы охраны окружающей среды и



парниковых газов ДБиОТ,ООС Жаннат Екибаева. – Все полигоны очищены, сняты с баланса и сданы госорганам. Таким образом, компания выполнила все свои обязательства перед Департаментом экологии по Мангистауской области. Однако есть еще более важные обязательства – перед будущими поколениями, мы должны оставить нашим потомкам чистую и безопасную среду. Поэтому вопросы экологии всегда были и будут на особом контроле у руководства АО «Мангистаумунайгаз».

Әлеуметтік сала - әлеуетті сала



«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының әлеуметтік мәселелерін шешу – күн тәртібіндегі маңызды міндет. Өндірістегі еңбек ұжымының әлеуетін арттырып, кәсіпорын өміріне келбетті өзгерістер енгізуден басталатын бұл саланың атқарар қызметі орасан. «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Мұрат Батыршаев кенорнының күрмеуі мол шаруалары жөнінде тарқатып айтты.

– Әлеуметтік сала қызметінің арқалаған жүгі ауыр. Оның ішінде мұнайшылардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жұмыстарды рет-ретімен шешіп отыру осы сала мамандарының жауапкершілігінде.

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына 1999 жылы жұмысқа орналасып, Қаламқас кенорнындағы «Фимараттар мен жұмыс орындарын ағымды жөндеуден өткізу» участкесінде құрылыс шебері, прораб болып жұмыс істеген ол 2016 жылдан бері «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ басшысының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Жылдың төрт мезгіліне арналған тамақ мәзірін қадағалау, астың сапасын жіті бақылап, құнарлы тамақ ассортименттерін мұнайшылардың сұранысына байланысты көбейтуді, құрғақ паектардың құрамын жақсартуды сала мамандары назарда ұстайды. Бұдан бөлек, мұнайшылар жатақханасының шаруасы да шаш-етектен. Апталап-айлап кенорнында қызмет істейтін әр жұмысшыға жақсы көңіл күй сыйлау үшін де

атқарылатын мәдени іс-шаралардың қатары көп. Қаламқас мұнайшылардың игілігі үшін спорт дейсің бе, ән мен күй, рухани әңгіме айтатын жиын да қалашықта тұрақты түрде өтіп тұрады.

Өндірістік аймақта орналасқан нысандардың жайлылығы, санитарлық талаптарға сай жиһаздармен, тұрмыстық бұйымдармен, ауа салқындатқыштармен жабдықталуына аса мән береміз, - дейді Мұрат Батыршаев.

Әлеуметтік саланың тағы бір тұсы – қаржы мәселесіне тірелетін болғандықтан, кезең-кезеңімен қажеттілігіне қай шаруа да шешімін тауып жатады. Мәселен, былтыр кенорнындағы №30, 40 жатақханалар толықтай жиһаздармен жабдықталып, күрделі жөндеуден өтсе, тағы да екі жатақханада (№3, 29) жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өткен жылы өндіріс орындарында орналасқан цехтардың объектілері жиһаздармен жабдықталса, биыл өндірістік басқарма алты жатақхана (№1,2,4,5,6,7) және №1-і асхананы күрделі жөндеуден өткізуді



жоспарлап отыр. Сондай-ақ, жатақхана жиһаздары, асхананың технологиялық құрылғылары мен жабдықтары толықтай ауыстырылады.

– Біздің басқармада 2021 жылы санитарлық-тұрмыстық жағдайларды жақсарту бойынша 2022-25 жылдарға арналған 5 жылдық жоспар әзірленді. Аталған жоспар аясында 3 оператор нысанының құрылысы биыл қолдануға беріледі. Сол секілді душ қондырылғылары бар 3 нысан құрылысы да жақын арада мұнайшыларымыздың игілігіне тарту етілсе, биыл тағы да осындай 2 нысанның құрылысы басталады, - дейді сала маманы.

Мұрат Батыршаевтың айтуынша, биыл кенорныда ауқымды жұмыстар жүргізіледі. Мәселен, биыл үш базалық топтық қондырғыда өндірістік тұрмыстық кешен салынады. Аталған кешен слесарь жөндеушілерге арналған жұмыс бөлмесі, санузел, душ және киім ауыстыру бөлмесімен қамтылған. «Өндірістік оқу орталығы» нысанының құрылысы да күн тәртібінде тұр.

Вахталық поселкада 250-300 адамға арналған көпсалалы кітапхана, билльярд, теннис бөлмелері бар клуб құрылысын салу үшін қаражат көзін қарастыру және салу алдағы жылдың жоспарына енгізілді.

Биылғы жоспарда УДО операторларына 2 нысан және ЦПТЖ, ЦТВСИК цехтарына киім ауыстыратын бөлмесі бар оператор нысандарының құрылысы бар.

Тағы бір айта кетерлігі, биыл 1 900 метр айналмалы веложол салынады. Осының бәрі Компания әлеуметтік саясатында салауаттылыққа, спортты дамытуға басымдық береді деген сөз.

Кенорныдағы қыруар шаруаның шашауын шығармай, ұжымды ұйымдастырып білу сіз ойлағандай оңай жұмыс емес. Жауапты маманның осы тұста шегелеп айтқан сөздері дәлел бола алады.

Абыз Әбіш Кекілбаевтың өтпелі кезең, күрт бетбұрыстар тұсында «байыбын тауып іс қылып, бағытын тауып алға басқан жөн... жүрек пен бас, қол мен ақыл қатар қиналып, қатар қимылдайтын кезең келді. Сонда ғана еңбегіміз еш, қарекетіміз кеш болмайтын шығар» деген сөзі бар еді. Осы тұста мұнайшылардың әлеуметтік мұқтажыды түгендеп, ұжымның татулығы мен тұрақтылығын сақтауда өзінің іскерлігін танытып жүргендердің алдыңғы қатарында осы Мұрат Боранбайұлы да бар.

«Маңғыстаусельстрой» тресіне қарасты құрылыс мекемесінде құрылыс шебері болып еңбек жолын бастаған ол бүгінде отбасында ұл-қыз өсіріп отырған бақытты әке, аяулы жар.

– Әкем өмірден ерте кетті, анамның тәрбиесін көріп өстім. Ол кісі Ұлы Отан соғысының тыл ардагері. Соғыс жылдары Таушықтағы көмір шахтасында еңбек етті. Марқұм анамның тәлімін осы күнге дейін жадымда ұстаймын, - дейді ол.



«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында 10 жылдан аса өлкенің өндірісін өрге сүйреп, мұнайшылардың әлеуметтік әл-ауқатының артуына бір кісідей үлес қосқан жақсы ағаның өзі де Шерхан Мұртаза айтқандай талтүсіне де қадам басты. 60 жас!

44 жыл тарихы бар өлкенің тынысын тап басып, маңдайыңыздың тері тамған, табаныңыздың бүрі таймаған аймақта әлі де елге, жерге қызмет ете беретініізге сенемін. Алдағы уақытта да Қаламқас кенорнының әлеуетіне қосар қомақты үлесіңіз көбейе берсін.

ЖАННАТ Нұрғали



Адал еңбекпен – құрметті зейнетке



Өмірдің өз заңдылықтары болады. Істеген қызметіңе ықпалсыз болсаң, абыройың да бола қоймайды. Ал жұмысыңа көңіл қойып, бар күш – жігеріңді берсең, жемісін де көресің. Хабибулла аға еңбекте қай кезде де алдыңғы қатардан табылып жүр.

Алғашқы еңбек жолын 1998 жылы «Мұнайтелеком» ЖШС-де Жаңаөзен Электр байланысының желілік құрылыстарының электромонтері болып бастайды. Әр жылдары техникалық бөлімінің инженері, күзет-өрт дабылының электромонтері, Қаламқас, Өзен кенорындарында 4 санатты кабельдік дәнекерлеуші болып қызмет істеп жүріп, бүгінде 5

санатты дәнекерлеуші атанып, абыройлы еңбек етіп жүр.

Жұмыс істеген жылдары өз ісіне адалдығымен көзге түсіп, жауапкершілікті терең сезінетін жауапты мамандардың қатарын толтырды. Жастарға білгенін үйретіп, өз тәжірибесімен бөлісуден алдына жан салмайтын жақсы маман деп ауыз толтырып айтуға бар.

«Маңдайы терлемегеннің – қазаны қайнамайды» жақсы сөз бар. Өндірістегі ұзақ жылғы адал еңбегі ескеріліп, 2015 жылы Мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай, «Мұнайтелеком» Басқармасының Құрмет грамотасымен, Алғыс хатпен марапатталды.

Бүгінде Хабибулла аға бақытын отбасынан тапқан бақытты шаңырақтың иесі. Ұлын ұяға, қызын қияға қондырған үлгілі әке.

Хабибулла ағамыздың 63 жас мерейтойымен қатар келген құрметті еңбек демалысына аяқ басуымен ұжым атынан ыстық ықыласымызды жеткіземіз. Осындай да ырымшыл халқымыз «Екі дүниең абат болсын, қос тойың қабат болсын» демей ме?!

Ендігі жолы сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай - сырқамай, балаларыңыздың ортасында базарлы, бақытты сәттерді бастан кешіргейсіз деген ақжолтай тілек айтамыз!

Еленген еңбек жемісі

«Ел басқарар жігіттің етек-жеңі кең болар» дейді дана халқымыз. Бұл орайда азаматтың атымтай жомарт-тығы, мінез-құлқы, білімі мен іскерлігі секілді қасиеттері ескерілсе керек. Қысқа қайырып айтқанда, елмен бірге болып, тіл табысып, олардың мұң-мұқтажын дер кезінде шешуге нақты қарекет жасап, еңбек ете білген басшы халық қолдауына ие болып, ыстық ықыласына кенелері де сөзсіз. Сондай азаматтың бірі – Бердәулет Тасқынбаев.

Бердәулет Тасқынбаев 1960 жылы туған. Ол жастайынан қарым-қабілетін шыңдап, өз мақсаты үшін талап қылып, өмір жолын дұрыс таңдай білген еді. Мектеп бітіре сала өзге жастар секілді жарыса жоғары оқу орнына түспестен, еңбекке ерте араласты. 1979-1981 жылдары Кеңес Армия-сы қатарында Отан алдындағы борышын өтеді.

Міне, осылай еңбекпен есейіп, темірдей тәртіпке шыңдалып келген Бердәулет Ізтұрғанұлы 1979 жылы Ашхабад теміржол көлігі техникумында, кейін Алматы энергетикалық институтында «Радиотехника және байланыс» мамандығы бойынша білім алды.

Білім көкжиегін кеңейткен ол Азаматтық авиацияның байланыс жүйесінде жұмыс істеді. Еңбек жолын 2009 жылы «Мұнай-телеком» ЖШС-де бастап, Радиотелевизиалық жабдықтың электромонтер қызметін абыроймен атқарды.

Бердәулет Тасқынбаев 2016 жылға дейін 4 санатты БӨҚЖА слесарі, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бойынша 4 разряд слесар деңгейіне дейін көтерілді. 2017 жылдан 1 қаңтарынан бастап Жаңаөзен учаскесінің бастығы қызметін атқарды.

Өндірістегі еңбегі еселі ағамыз ҚР Мұнай-газ кешені күніне орай, «ҚазМұнай-



Газ» ҰК АҚ естелік белгісімен марапатталды.

Бердаулет аға еңбекте қай кезде де алдыңғы қатардан табыла білді. Осы жылдар ішінде бірнеше шәкірт тәрбиелеп шығарды. Олардың көбі қазіргі таңда жоғарғы лауазымдарда қызмет атқарып жүр.

Бердәулет Тасқынбаев қызметте табысты, отбасында бақытты жан. Құдай қосқан жұбайымен бес ұл, бір қыз тәрбиелеп немере сүйіп отырған бақытты шаңырақтың иесі.

Пайғамбар жасын толтырған ел ағасы Алла амандық берсе құрметті еңбек демалысына шығады. Бердәулет Ізтұрғанұлына «бейнетінің зейнетін көріп, ұрпағының ортасында аман-есен жүре бергей!» деген ұжымның тілекші көңілін жеткіземіз.

«Мангистауэнергомунай» соощаает:

ГРАФИК

встреч Первого Руководителя с молодыми специалистами ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2023 год

№	Наименование мероприятия	Ответственный	Дата
1	Встреча Первого Руководителя с молодыми специалистами ТОО «Мангистауэнергомунай»	Косбаев Н.Р. – Генеральный директор ТОО «МЭМ», Ордабаев А.Ж. – председатель Молодежного Совета ТОО «МЭМ»	03.03.2023 г.

ГРАФИК

встреч по личным вопросам генерального директора и заместителей генерального директора ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2023 год

№	Ф.И.О. руководителя	Должность	Время встреч	Ответственный исполнитель
				телефон, электронная почта
1	Косбаев Нурдаулет Рахимович	Генеральный директор Товарищества	Ежемесячно, последний четверг месяца Время: 16.00-17.00	Каланова Шолпан Жолмановна (САГ) Тел: 216-146 sh.kalanova@mem.llp.kz Приемная Тел: 211-430 info@mem.llp.kz
2	Бигалиев Куанбек Шакирович	Заместитель генерального директора по производственным вопросам	Ежемесячно, последняя среда месяца Время: 16.00-17.00	
3	Избасов Бердикул Нурмуханович	Заместитель генерального директора по УЧРиОТ	Ежемесячно, последний вторник месяца Время: 16.00-17.00	

Прием Работников по личным вопросам осуществляется Руководством ТОО МЭМ в соответствии с утвержденным графиком один раз в месяц.

Регистрация может быть осуществлена по предварительной записи, телефонной связи, электронной почте, почтовому ящику, через Блог Первого руководителя. В течение трех дней после регистрации обратившемуся Работнику сообщается дата и время приема. Руководство принимает одно из следующих решений:

- удовлетворить просьбу, сообщив Работнику порядок и срок исполнения принятого решения;
 - отказать в удовлетворении просьбы, разъяснив мотивы отказа и порядок обжалования принятого решения;
 - принять письменное заявление в случае, если поставленные Работником вопросы требуют дополнительного изучения или проверки, разъяснив ему причины, по которым просьба не может быть разрешена в процессе приема, порядок и срок ее рассмотрения.
- Прием Работников организации осуществляется в соответствии с внутренним документом организации, регламентирующим порядок и условия приема Работников.

ГРАФИК

отчетных встреч Первого руководителя с трудовым коллективом ТОО "Мангистауэнергомунай" на 2023 год

№	Наименование подразделения	Ф.И.О., должность	Дата проведения			
			I квартал	II кв-л	III квартал	IV кв-л
1	м/р "Каламқас": - ПЭС-1 «Каламқас» - ЭМЦ «Каламқас» - СРЗАИ «Каламқас» - ПС ГТЭС «Каламқас»	КОСБАЕВ НУРДАУЛЕТ РАХИМОВИЧ -	23.02.2023 г.		03.08.2023 г.	
2	м/р "Жетыбай": - ПЭС-2 «Жетыбай» - ЭМЦ «Жетыбай» - СРЗАИ «Жетыбай»	Генеральный директор ТОО "Мангистау-энергомунай"	24.02.2023 г.		05.08.2023 г.	
3	г. Актау, Промзона: - ПЭУ «Актау» - АУП - ЦПЭС		28.02.2023 г.		29.08.2023 г.	

Примечание:
Отчетная встреча Первого руководителя с трудовым коллективом проводится два раза в год:
- до первого марта – по итогам предшествующего года;
- до первого сентября – по итогам полугодия.

ГРАФИК

встречи Первого Руководителя с представителями профкома работников ТОО «Мангистауэнергомунай» на 2023 год

№	Наименование мероприятия	Ответственные	Дата проведения			
			январь	февраль	март	апрель
1.	Встречи Первого Руководителя с представителями профкома работников ТОО «Мангистау-энергомунай»	Косбаев Н.Р. – Генеральный директор ТОО «МЭМ» Аймаганбетов Д.У. – председатель профкома работников ТОО «МЭМ»	26.01.	21.02.	02.03.	20.04.
			май	июнь	июль	август
			19.05.	23.06.	20.07.	03.08.
			сентябрь	октябрь	ноябрь	декабрь
			19.09.	19.10.	09.11.	07.12.

Примечание: График встречи Первого руководителя с представителями профкома работников ТОО «МЭМ» составлен согласно письма АО НК «КМГ» № 06/4434 от 02.07.2021 года

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Қаламқаста чемпиондарға құрмет көрсетілді

Қаламқас кен орнында Наурыз мерекесіне арналған спорт турнирі аяқталды, оған өндірістік басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің мұнайшылары қатысты.



Жексенбі күні соңғы медальдар жиынтығын шахматшылар ойнады. Жарыс қорытындысы бойынша үздік шахматшы А.Әбішев (МГӨЦ-3), күміс медаль К.Әленов (МГӨЦ-2), жүлделі үштікті А.Қапанов (МГӨЦ-3) жапты.

Үстел теннисінен турнирде А.Бекмұханов (МГӨЦ-2) жеңіске жетті, екінші орынды О.Сизов (ПҚЖПЦ), ал А.Назаров (ТСДЦ) қола медаль алды.

Бұдан сәл бұрын - жұма күні шағын футболдан жарыс жеңімпаздары анықталды. Естеріңізге сала кетейік, тоғыз команда үш топқа бөлініп, жеңімпаздары өзара чемпиондық кубокты ойнатқан болатын. Нәтижесінде МГӨЦ-4 футболшылары чемпион атанды, МГӨЦ-3 мұнайшылары күміс медальға ие болды, ПҚЖПЦ командасы үшінші сатыға көтерілді.

Шағын футболдан жарыстың үздік қақпашысы болып Ж. Байтұрғанов



(МГӨЦ-2), үздік ойыншы болып Ж.Құлшықов (МКДЖАЦ) танылды, ал төрт ойында алты гол соққан Х.Боранбаев (ГСВ) үздік бомбардир атанды.

Сондай-ақ, 27-28 наурызда волейболдан жарыстар өткенін еске саламыз: финалда МГӨЦ-4 спорт-

шыларын жеңген ҚҚҰЦ командасы жеңімпаз атанды, қола жүлдені МГӨЦ-2 ұжымы иеленді.

Волейбол турнирінің қорытындысы бойынша «үздік либеро» аталымы бойынша жүлде М.Желдібайға (МГӨЦ-2), М.Алигулов (МГӨЦ-4) үздік пас беруші спортшы атанды, ал С.Айжарықов (ҚҚҰЦ) жарыстың үздік ойыншысы атанды.

Жарыстың барлық жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне ақшалай сыйлықтар, медальдар мен кубоктар табысталды.



ПАМЯТКА

ПОЛУЧИТЕ БЕСПЛАТНУЮ ПРАВОВУЮ КОНСУЛЬТАЦИЮ!

Пункт 3 статьи 13 Конституции Республики Казахстан гласит, что каждый имеет право на получение квалифицированной юридической помощи. В случаях, предусмотренных законом, юридическая помощь оказывается бесплатно.

Одним из видов бесплатной юридической (правовой) помощи является правовая консультация, оказываемая юридическим консультантом или адвокатом.

КТО ИМЕЕТ ПРАВО ПОЛУЧАТЬ БЕСПЛАТНУЮ ПРАВОВУЮ КОНСУЛЬТАЦИЮ?

По вопросам:

- физическое лицо по вопросам о взыскании алиментов (правовую консультацию может получить и супруг и супруга)
- физическое лицо по вопросам о назначении пенсии и пособий
- физическое лицо по вопросам о реабилитации
- физическое лицо по вопросам о получении статуса беженца или кандидата
- несовершеннолетний, оставшийся без попечения родителей
- физическое лицо по вопросам возмещения вреда, причиненного смертью кормильца

· физическое лицо по вопросам возмещения вреда, причиненного повреждением здоровья, связанным с работой, либо причиненного уголовным правонарушением

По статусам или ситуациям:

(по вопросам обеспечения и защиты прав и законных интересов):

- жертвы сексуального насилия
- жертвы торговли людьми
- жертвы подвергшимся пыткам

По любым вопросам не связанным с предпринимательской деятельностью:

- физические лица, являющиеся участниками Великой Отечественной войны;
- лица приравненные по льготам к участникам Великой Отечественной войны;
- ветераны боевых действий на территории других государств;
- военнослужащие срочной службы;
- лица с инвалидностью первой и второй групп;
- пенсионеры по возрасту;
- многодетная семья;
- малообеспеченные лица (семьи), имеющие среднедушевые доходы в месяц ниже черты бедности, установленной в областях, городах республиканского значения, столице;

ГДЕ МОЖНО НАЙТИ ЮРИДИЧЕСКИХ КОНСУЛЬТАНТОВ И АДВОКАТОВ ДЛЯ ПОЛУЧЕНИЯ БЕСПЛАТНОЙ КОНСУЛЬТАЦИИ?

Список юридических консультантов и адвокатов, предоставляющих бесплатные правовые консультации, размещен на сайте Департамента юстиции Мангистауской области. Ссылка: <https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet-mng/activities/22327?lang=kk> или gov.kz → Министерство юстиции Республики Казахстан → Регионы → Департамент юстиции Мангистауской области → Деятельность → Гарантированная государством юридическая помощь

Также, можно обратиться в палату юридических консультантов Мангистауской области или коллегии адвокатов Мангистауской области.

Палата юридических консультантов Мангистауской области:

город Актау, микрорайон 7, дом 7, офис 77, тел: 8 (777) 210-93-18

Электронная почта: urpalata.12@yahoo.com


Страница в Instagram: [palata_yuristov_mang](https://www.instagram.com/palata_yuristov_mang)

Коллегия адвокатов Мангистауской области:

город Актау, микрорайон 5, дом 7, офис 16, тел.: 8 (7292) 52-26-69, 52-26-48

Эл.почта: kamo-aktau@mail.ru Сайт: www.kamo.kz

В коллегии адвокатов 7 дней в неделю с 9:00 до 18:00 работает дежурный адвокат.

 <p>МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ</p> <p>Меншік иесі - "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ</p> <p>Редактор: Есназар Сұлтанов</p> <p>Редакция алқасы: - С. Галидуллин - Ж.Кемал.</p> <p>Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев</p>	<p>Мекен-жайымыз: 130000, Актау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 211-861 211-885, 212-194</p> <p>Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады</p>	<p>Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген</p>	<p>Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді</p> <p>Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды</p> <p>Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды</p>	<p>Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.</p> <p>Индексі: 64265</p>	<p>"ADVER" ЖШС баспаханасында басылды.</p> <p>Ақтау қаласы, 3-Б ш/а, 55/1 ғим. тел: 8(7292)507000</p>
---	---	--	--	--	---